

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы

Жамбыл облысы Талас аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 419 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 2445 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Талас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің тәртібі айқындалсын.
2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен ақшалай сыйақының мөлшері қосымшаға сәйкес айқындалсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Серік Ералыұлы Дадабаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Рысмендиев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жамбыл облысының ішкі істер департаменті

Талас ауданының Ішкі істер бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Айхимбеков А.А.

"24" қараша 2014ж.

Талас ауданы әкімдігінің
2014 жылғы " 24 " қарашадағы
№ 419 қаулысымен бекітілген

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің тәртібі

Осы тәртіп қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Жамбыл облысының ішкі істер департаменті Талас ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі енгізеді.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша "Жамбыл облысының ішкі істер департаменті Талас ауданының ішкі істер бөлімі" бастығының бұйрығы шығарылады.

6. "Жамбыл облысының ішкі істер департаменті Талас ауданының ішкі істер бөлімі" ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

7. Көтермелеулерді төлеуге қаражат облыстық бюджетте, Жамбыл облысының ішкі істер департаменті 252 003 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу" бюджеттік бағдарламасымен көзделеді.

8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Талас ауданы әкімінің Құрмет грамотасын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықтар беруді "Жамбыл облысының ішкі істер департаменті Талас ауданының ішкі істер бөлімімен" салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

Талас ауданы әкімдігінің
2014 жылғы " 24 " қарашадағы
№ 419 қаулысына қосымша

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен ақшалай сыйақының мөлшері

1. Аудан әкімінің Құрмет грамотасы.

2. 10 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

3. Бағасы 10 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құнды сыйлық.